

P2008

374

Әизині

ӘА

ақамқар



**Әнуар
МОЛДАБЕКОВ**





Әзізіні ақамқар

Әнуар МОЛДАБЕКОВ



ИЗДАТЕЛЬСТВО АЛМАТЫ
ӨНЕР 2007
БАСПАСЫ

ББК 85.33

М 66

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің мемлекеттік бағдарламасы бойынша шығарылып отыр*

*Кітапты баспаға дайындаған
БӨПЕЖАНОВА Әлия*

М 66 Молдабеков Әнуар. Алматы. “Өнер”, 2007. — 134 б.

ISBN 978-601-209-009-3

Бұл кітап қазақ өнерінің аса ірі Тұлғасы, көрнекті театр және кино актері, Қазақ ҚСР халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әнуар Молдабековтің жасындай жаркылды өнер жолы, шығармашылығы, адами болмысы туралы сыр шертеді.

Қазақ және орыс тіліндегі екі бөлімнен тұратын жинақта республика және одақ сыншыларының мақалалары мен талдаулары; әріптестері, сахна серіктестерінің ой-толғам, естеліктері және бай фотомұрағат — хас суреткер, “сілтесең — семсер, қорғансаң — қалқан орнына жүрген қайран Әнуардың” шығармашылық және адами тұлғасын қайта жандандырады.

Кітап таза жүректен ғана шығатын саф өнерді бағалайтын көзқарақты қауымға, жас буынға, жалпы өнерсүйер жұртшылыққа арналған.

М $\frac{4907000000}{00(05)-07}$

ББК 85. 33

ISBN 978-601-209-009-3

© Молдабеков Ә., 2007

© “Өнер”, 2007

© Көпіш Ә., (безендіру) 2007

A decorative border with a repeating floral and scrollwork pattern surrounds the central text.

ҰЛЫ АКТЕР

Әзірбайжан Мәмбетов

ҰЛЫ АКТЕР

Тамаша, талантты актер Әнуар Молдабековтің есімі 1965 жылы “Ән қанатында” көркем фильмінен кейін ел аузына іліне бастаған еді. Бұл менің белгілі жазушы Николай Ановтың “Ән қанатында” романы бойынша түсірген алғашқы картина болатын. Мұндағы ақын Мұсаның — Иса Байзақовтың прообразы — роліне көптеген актерлер шақырылды, бірақ солардың ішінен бұл рольге С.Сейфуллин атындағы Қарағанды театрының актері, әлі кеңінен таныла қоймаған Әнуар Молдабеков лайық деп табылды.

Әнуар Молдабеков мұнда Мұса бейнесі арқылы бір ғана ақынды, жаңа өмір үшін күрескерді ғана емес, халқымыздың тамаша қасиеттерін бойына сіңіре білген ақынды бейнеледі. Экрандағы ақын бейнесі көрермендер мен сыншылар тарапынан жылы лебіздерге ие болды. Мұса ролін шынайы ойнағаны үшін Әнуар Молдабеков Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Алғашқы роль және алғашқы жеңіс. Бірақ бұл жеңіс оған оңай келмеген еді. 1960 жылы біздің театрдың жанындағы екі жылдық театр студиясын бітіргеннен кейін — мен ол кезде курстың көркемдік жетекшісі едім — Әнуар Молдабеков Қарағанды драма театрына орналасты, онда Әнуар сахнаға көптеген жарқын образдарды алып келіп, әріптестері арасында ауызға да іліге бастады. Қазір, оның өнердегі алғашқы қадамдарын еске түсіре отырып, орасан еңбекқорлығын атап өтпеске болмайды. Ол сахналық бейненің жекелеген детальдарын зерттеп, иін қандырып, характердің тосын қасиеттерін ашып, сағаттар бойы сахнада немесе гримдеу бөлмесінен шықпайтын. Келесі күні дайындыққа ол өзінің жаңа идеяларымен, бейненің мінезін аша түсуге септігін тигізетін тың ойларымен келетін.

Оның рольге жан-тәнімен берілетіндігін мынандай нәрседен аңғарғанмын. Бірде “Қобыландыға” дайындық жасап жатқанбыз. Әнуар дәл сахнаның ортасында талып қалды. Бұрыннан ауырып жүретінін білетінмін, бірақ тап осындай күйге түсетінін қайдан білейін?! “Жедел жәрдем” машинасын шақырдық, ол ештеңе істей алмады; екіншісі әйтеуір, біраз уақыт әуреленіп, зорға оның есін жиғызды. Бір кезде қарасам, ол ыржиып, ештеңе болмағандай тұрды да, ролін қайтадан ойнап кетті. Ол осындай жан еді.

Мәскеуде Ш.Аймановтың “Боранды бекеті” бойынша спектакль қойғанымда М.Ульяновпен бірге еңбек еттім. Міне, осындағы байқағаным — Михаил Ульянов жанындағы актерлердің бейқамдығына, салғырттығына өлердей жаны қас екен. “Шіркін, біздің Әнуар да осындай еді ғой!”, деп күрсіндім.

Әнуардың рольдерінің шыңы деп Чеховтың “Сүйікті менің ағатайымындағы” Ваня ағай — Иван Петрович Войницкий ролін айтар едім.

Ол тіпті әр сөзін қанжардай жарқылдатып, қолына қанжарды сермеп тұрып дайындалады. Мұндағы Ваня ағай өте нәзік жан. Осы бейнені жасау үрдісінде бізді Әнуардың асқан кәсіби шеберлігі ғана емес, зор адамгершілігі мен жанының нәзіктігі тәнті етті. Алғашқы актінің аяғында профессор Серебряков Елена Андреевнаның фортепианода ойнауына тиым салады. Ол ызадан булығып жылап жібереді. Осы кезде бақ түбінен Ваня ағай — Әнуар Молдабеков шығып, сүйікті әйелдің өксігіне құлағын түреді, бірақ осынау дыбыстың қайдан шығып жатқанын білмей терезе түбіне келіп “Елена Андреевна!” дейді жайлап. Осы сәтте Ваня ағай — Әнуар Молдабеков жанары жасқа толып кетеді. Бұл жай ғана көз жасы емес еді, сезімтал, қайырымды, адамгершілігі зор, бақытсыздыққа душар болған жанға қай кезде де қол ұшын беруге дайын адамның көз жасы. Орыстың ұлы жазушысы А.Чеховтың айтайын деген басты идеясы да осы болатын.

1982 жылы Москва қаласында өткен гастроліміз кезінде Әнуар Молдабеков таланты барлық қырынан көрініс берді. Біз астана сахнасына көптеген спектакльдермен қатар “Ваня ағайды” да қойған едік. Біз қатты толқу үстінде болдық, өйткені бұған дейін Москваның бірқатар театрлары “Ваня ағайды” қойып, көрермендер тарапынан тиісті бағасын алған. Дегенмен біздің “Ваня ағайымыз” зор табыспен өтті. Спектакльден кейін көрермендер актерлерді, әсіресе, Әнуар Молдабековті қайта-қайта сахнаға шақырды. Әсіресе спектакльдің соңғы бөлімі жұрттың бәрін таң қалдырды. Ваня ағай, бәрі шығып кеткеннен кейін, бөлмеде бір өзі қалып журналға үй шаруашылығының кіріс-шығысын жаза бастайды. Бір кезде аяқ астынан терезе айқара ашылып, алдындағы қағаздарды жел ұшырып әкетеді. Ваня ағай — Әнуар Молдабеков қалбалақтап, шашылған қағаздарды тере бастайды. Бір сәтте ол орнынан созыла тұрып найзағай соққандай еденге құлап түседі. Жан ұшыра жүгіріп келген Соня оның мәңгілікке сөнген жанарына қарайды... Иә, бұл көрініс залдағы көрермендерге де, сахна сыртында тұрған біздерге де қатты әсер еткен еді. Бұл Әнуар Молдабековтің зор шығармашылық жеңісі болды.

Менің театрдағы және кинодағы бүкіл шығармашылық ғұмырым шәкіртіммен бірге өтті. Ол “Ән қанатында” фильмінен кейін еліміздің түрлі студияларында көптеген картиналарға түсті.

Біздің театрымыз Иранда және Францияда өткен халықаралық театр фестиваліне қатысқан кезде. Әнуар Молдабеков өзінің талантымен көпұлтты кеңестік театр өнерінің туын жоғары көтерді. Ол кеңес театрының көш бастаушыларының бірі болды. КСРО Мәдениет министрлігі Көркемдік кеңесінің мүшесі ретінде Әнуар талай рет кеңес өнерін одан әрі өркендетуге байланысты ойларын ортаға салды, мазмұнды сөздер сөйледі.

Сондай-ақ ол Сәкен Сейфуллиннің, Жұбан Молдағалиевтің, Олжас Сүлейменовтің, басқа да көрнекті ақындардың өлеңдерін зор шабытпен, мақамына келтіре оқитын.

“Ән қанаты” фильмінен кейін Әнуар “Жаушылар асығады”, “Қан мен тер” фильмдеріме де түсті. Оның адалдығын, шынайылығын құрмет тұтатынмын. Әсіресе, ол достықты аса қадірлейтін, пір тұтатын. Асанәлімен, Есболғанмен; жастардан — Құманмен, Әшірәлімен достықтары керемет еді.

Ата-ана өз ұлының басқалардан оқ бойы озып жүруі үшін қаншама тер

төгеді! Менің талантты шәкіртімнің мезгілсіз көз жұмғаны жаныма аяздай батады. Ол найзағай сияқты жарқылдап, күтпеген жерден ажал құшағына кетті. Ол жыпырлаған түнгі сансыз жұлдыздардың ішіндегі ең жарығындай еді. Елеусіз ғана өмір кешкенімен, сахнадағы ең жарық жұлдыз сияқты еді... Ол атақ-даңқ жолына жанын салған пенде емес. Үлкен адамгершілікті, үлкен өнердің Азаматы болды. Ол әлі ұзақ жыл бойы адамдарға өзінің талантымен, қайырымдылығымен ізгілік нұрын шашатын еді, қуаныш сыйлайтын еді. Әттең, шығармашылық күш-қуатының кемеліне келген кезінде ажалдың аузында кете барды! Бірақ Әнуар Молдабеков өз халқының сүйікті ұлдары Қалибек Қуанышбаев, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов, Құрманбек Жандарбеков, Шәкен Айманов секілді бәріміздің жүрегімізде мәңгі сақталады, еліміздің театры мен киносының тарихынан өзінің лайықты орнын алады.

1985 ж.

* * *

Әнуардың әр рольге деген көзқарасы талантты адамға лайық. Мына бір жайт еске түседі. Театрда Д.Исабековтің “Мүрагерлер” пьесасы бойынша спектакль қойылды. Тақырып бүгінгі күн, басты рольде Сәбира Майқанова. Спектакльде теміржолшыны Әнуар ойнайды. Кейіпкер сондай жылпос, кемпірді алдағысы келеді. Қалаға тіркелгісі келеді. Сонда Әнуар не істейді дейсіз. Шашын ұйпа-тұйпа етіп қояды, осы күнгілер айтады ғой панктер деп, тура сондай етеді. Екі құлағына екі сіріңкенің шиін тығып қойған. Тасбақа сияқты, адамға ұқсамайды. Көзі жұмылып тұрады, өзі бір орнында тұрмайды. Сондай бір жылпос. Сәбира апам: “айналайын, мынау бір сондай жылпос. Сен айттың ғой, оң жақтан шығу керек деп, бұл сол жақтан шығады немесе үстіңгі жақтан шығып, қарап тұрады.. Бұл не деген адам, не деген актер”, дейтін. Сонда Әнуар ойынымен қасындағы сахналастарын таң қалдырып тұрады ғой. Талантты актер сөзді ғана айтпайды, ойнамайды, сөз арасындағы паузаны ойнайды ғой.

Соңғы танылған ролі Ваня ағай — Мәскеуге барып көрсет-тік — ең жоғары бағаланған Әнуар болды. Сол кезде КСРО Мәдениет министрі Демичев Әнуарға “Кеңес Одағында Войницкий ролін ең үздік орындағаны үшін” деген аталыммен сыйлық берді.

Әнуардың жанында жас актерлер, актрисалар көп жүретін. Оның аурасы сондай болатын. Жастарға қажет кезде ұрсып та алатын. Өзі театрға ертемен, таңғы 9-да келетін. Біреумен жұмыс істей ме, дайындала ма — әйтеуір ерте келеді. Жастарға “Сендер неге ерте келмейсіңдер. Ұйықтап жатырсыңдар ма? Сендер осы қашан оянасыңдар. Қазақтар, қашан оянасыңдар?” деп ұрсып жүретін. Міржақыптың “Оян, қазақ!” өлеңінің сарыны ғой. Ол поэзияны жақсы көретін, көп оқитын.

Әнуар Молдабековті көрермені осы ғасырдың нағыз актері, ең шыншыл, ең таза актері деп айтады деп сенемін. Ал, меніңше, ол халықтың актері, халық арасынан шыққан данышпан.

Өз заманында туған ұлы актер.

*“Актер Әнуар Молдабеков”
деректі фильмінен, 1992 ж.*

ЖАРАТЫЛЫСЫ БӨЛЕК ЖАН ЕДІ

Бетон қабырға мен Әнуар

Қазақстанның халық артисі Әнуар Молдабековтің төлқұжаттағы есімі Андрей еді. Оны жұрт біле бермейтін. Біз алғаш танысып, бір-екі жылдай сырласып, етене жақын болған кезде бір күні оңашада құпиялап айтқандай, толғанып отырып: “Әкім аға, менің паспорттағы атым Андрей ғой” деді. Содан кейін мен оны Андрей деп атайтын болдым. Ондайда тіксініп қалады да: “Аға, ешкім жоқ жерде айтыңызшы. Паспорттың өзі қызық қой. Мен туған селода қазақ отбасы жалғыз біз ғана болған екенбіз. Сондықтан осылай жазылып кеткен” дейді.

Әнуар туралы эссені осындай тосын жағдаймен бастап отырғаным кездейсоқ емес. Оның Андрей деген атына шүйлігіп отырған жоқпын. Бірақ, Әнуардың мінезінде бір ерекшелік бар еді. Артистердің ішінде ол бөлек болып жүретін. Жай адамдардың ішінде өзін артиспен деп ерекше ұстамайтын. Достарының арасында кеудесін кермейтін. “Мен сендерден таланттымын” демейтін. Жаратылысы бөлек жан еді.

Алғаш менің “Күлмейтін комедия” деген пьесамның қойылуына байланысты жақын араласа бастаған кезім. Спектакльді Мәскеуден келген режиссер Виталий Иванов деген жігіт қойды. Алғашқы премьераларда негізгі рольде Нұрмұхан Жантөрин ойнады. Үшінші ме, төртінші ме есімде жоқ, бір спектакльден кейін Жантөрин әлдебір себептермен сол кездегі театрдың басшыларымен келіспей қалды. Ақырында ат құйрығын шорт кесіп кетті. Жантөриннің қалай ойнағаны туралы кезінде жазғанмын. Ол кеткеннен кейін осы рольде Әнуардың да бір-екі-ақ рет ойнауын тағдыр жазды. Ол да сол спектакльде Жантөринмен шығармашылық бәсекеге түскендей барын салып ойнады. Нұрмұхан Жантөрин сияқты ұлы актермен тайталасуға ол кезде екінің бірінің шамасы келе бермейтін.

Әнуар алғаш спектакльде ойнағанда қойылымға барып, әдейі арт жақта отырып көрдім. Өте күшті ойнады. Жантөрин сомдаған бас кейіпкерім қоғамға, дүниеге сыймай, партиялық қалыпқа сыймай айқайлап келіп басын тұтас қабырғаға соғатын. Режиссердің пайымдауынша, тұтас бетон қабырға қазіргі қоғам деген ойды білдіруі керек болатын. Оны білдіру үшін жарық алдымен еденге түсетін де бірте-бірте қабырғаның бойымен жоғары көтерілетін. Жантөрин бұған қас қақпай қарап тұратын да ызаланып келіп, басымен бетон қабырғаны ұрғылайтын. Үлкен актер мандайы қабырғаға тиер-тиместен қатты ауырсынып, аса бір шеберлікпен шегініп кететін сияқты қимыл жасайтын.

Менің Әнуарым дәл сол тұста кейіпкерге айналғаны сонша, әбден күйініп, отбасына сыймай, анасымен келіспей, қоғамнан безініп келіп қабырғаға біраз қарап тұрды да, Нұрмұхан ағасының тапқан деталін бұзғысы келмей шегініп барып, жүгіріп келіп баспен соқты. Бүкіл дүниені ұмытып, беріліп кеткен болуы керек. Мен қабырға мен бастың арасында қандай қақтығыстың болғанын сездім. Бірақ Әнуардың кереметтігі — соны ойынға айналдырып

жіберді. Қабырға басына қатты тиген болуы керек, күтпеген жағдайда есеңгіреп қалғандай және оны әдейі істеп тұрғандай тәлтіректеп барып, актерлік табысқа айналдырып жіберді. Көрермендер осы сәтті бағалап қатты қол соқты.

Қол соқты дегеннен шығады, Нұрмұхан да жоғары жақтағы бастықтардан естігенін күліп отырып айтатын. Салмағы ауыр, әр сөзінің соңы ұйымдастыру шараларына барып тірелетін партия қызметкерлерінің жымысқылау күлкісі болушы еді. Соған салып талай бастық: “қарағым-ау, Нұрмұхан-ау, мынау бетон қабырғаны баспен соғу деген сценарийде жоқ қой” дейді екен. Сол тұтас қабырғаны баспен соғу кейін Әнуарға да таяқ болып тиді-ау деп ойлаймын. Себебі, екі-ақ рет ойнады да, үшінші қойылымда бұл екеуін Райымбек Сейтметов ауыстырды. Бірінші спектакль мен екінші ойынның арасында бір күні таңертең сағат 8 мөлшерінде үйдегі телефон шылдырлады. Ерте қоңырау шалына бермейтін. “Бұл кім болды екен?” деп аса ұната қоймай, ұйқылы-ояу барып трубканы көтерсем, Әнуардың келіншегі Баян екен.

— Аға, мына бауырыңызға айтсаңызшы. Таң атқанша дайындық жасап ұйықтаған жоқ. Спектаклі бүгін еді, балалардың да мазасын алды. Пәтеріміз екі-ақ бөлме. Біз қайда қашып тығыларымызды білмейміз, — деді.

Мен енді оған не дейін? Қазір анық есімде жоқ, бірақ “Сен шыда Баян. Ол жай ғана актер емес, нағыз артист. Оған қой деп айтуға болмайды” деген ыңғайда ақыл айтқан болдым.

Сол күні кешке спектакльде Әнуар өткен жолғыдан да бөлекше ойнады. Бұл енді ашу-ызаны, кекті сыртқы бейнемен емес, іштей білдіруге тырысып, буырқанып, күйінген сәттерін жасыра білетіндей ұлы актерге тән мінез көрсетті.

Қойылым аяқталған соң: “әй, Әнуар, тентек, сен кеше балалардың мазасын алыпсың ғой?” деп едім, “Ой, аға, бізде енді бұдан басқа өмір бар ма? Балалардың мазасын алсам алған шығармын. Бірақ мен оларды ондай кезде ұмытып кетемін ғой” деді. “Ұмытып кетемін ғой” дегені маған сонша қатты әсер етіп, артиске “сен неге былай дайындаласың, былай жүресің?” деудің реті жоқ екенін сонда барып түсіндім.

Шере

Әнуардың темпераменті өзінен гөрі асаулау еді. Ол алдымен рольдерді ойланып алатын. Үндемей жүріп, “Қайтсем жұмсақ ойнаймын” деп іштей толғанып, педагог ретінде өзін-өзі тәрбиелейтін. Асып-төгіліп жатқан талантын ауыздықтап ұстауға мәжбүр болатын.

“Қыз Жібек” фильмі түсіріліп жатқан кезде мен екі-ақ рет бардым. Жаттығу дайындықтарында, ойнау кезеңдеріне қатысқан жоқпын. Себебі, ешуақытта артистердің ойынына араласпауды қатаң ұстандым. Артист белгілі бір рольді сахналағанша, не киноға шыққанша ақыл айтып, карап отырудың өзі әдептілік емес. Мұндайға қатысуға хақым жоқ деген өзіндік тәртібім болды. Өйткені, мен автор ғанамын. Арғы жағы режиссер мен актерлердің шаруасы.

Бір жолы Камал екеуіміз бірге келдік. Екеуіміз екі бастық. Сөз арасында айта кетейін, Камал: “Мен киноның кухня жағын басқарамын. Сен

ресторанның залын басқарасын” дейтін үнемі қалжыңдап. Себебі, күйіп-пісетін, киноның оты мен суына түсетін Камал болатын. Ол — Мемлекеттік Кинематография жөніндегі комитеттің төрағасы. Ал Қазақстан Киногерлер одағының бірінші хатшысы — мен. Фестивальдарға қатысамын, басқа республикаларға, шетелдерге киноларды мен алып барамын. Бәйге алған фильмдердің абыройы маған келеді. Яғни, Киногерлер одағына. Берген сыйлықтарын көтеріп мен келемін. Кейде әлгіні Камалға бермей қойып кабинетімде ұстаймын. Камал сонда күліп жүреді. “Бұған бантик киіп жүрсе жарасар еді” деп әзілдейтін.

Сол екеуміз келген жолы біз отырған, дастархан жайылған жерге Әнуар келмеді.

— Әнуар қайда? — деп сұрап едім, бір досы:

— Өзен жақта жынданып жүр ғой, — деді.

Мен түсіндім. “Жынданып жүр ғой” дегені — “Шегені қалай ойнасам” деп, сан толқып, өзімен-өзі оңаша қалып, біресе айқайлап, біресе сыбырлап жүрген болуы керек.

“Қыз Жібекті” қайта-қайта көрсеніз Әнуардың темпераменті Шегеге сыймай жүргені байқалады. Шеге образ ретінде батырдың қасында жүрген жай ғана жыршысы. Ал кинодағы Шеге Төлегенді, Бекежанды ойнап жүрген артистермен бәсекелес. Әр сөзінің өзінде күйініп кетіп, ыза боп кетіп, оқиғадағы басты кейіпкер сол сияқты алға түсіп кетіп, өзін-өзі ауыздықтай алмай қалып, беріле ойнайды. Көрерменнің есінде болса, Төлеген әкесінің рұқсатын ала алмай, Базарбай бата бермей қойған кездегі Шегені Әнуар соншалықты ғажап сомдайды. Оның артист екенін ұмытып кетесің. Шеге боп халықтың атынан, жыршының, ақынның атынан күйінесің. Залда көріп отырып, Төлегеннің әкесіне барып: “Мынауың не? Неге бата бермейсің?” деп ақыл айтқың келіп кетеді. Себебі, бұл жерде Шеге мыңдаған көрерменнің өкіліне айналады. Домбырасын сабалап, өзінің де бебеулетте зарлап кетуі қандай ғажап? Ал сценарийде дәл сол тұс, бұрыққан вулканның атылуы көрсетілмеген еді. Вулкан болып атылу Әнуардың өзінің ғана талантына байланысты болды.

Ақылды вулкан

Сахнада немесе экранда соншалықты вулкан боп атқылайтын, қызыл-жасыл шоқ болып көрерменнің есін шығаратын Әнуар өмірде өте жуас болды. Талай рет тауға шығып, оңаша жүрдік. Талай ойын-сауықтарда бірге болдық. Менің байқағаным, ол өте ұяң еді.

Бір жолы тау жаққа барып, суға түсіп, екеуден-екеу ұзақ жүрдік. Бір кезде тас қабырғаға басын соғатын асау Әнуарым жылап тұрғандай көрінді маған. Өзенге қарап тұр екен, сәл бүгіліңкіреген жотасынан бір құбылысты аңғарып қалдым. Бірақ сездірген жоқпын. Өзінің бір шаруасы ойына түсіп толқып тұрған болар деп бұрылып, енді кетейін деп едім, жалт қарады. Көзінен жасы ағып тұр екен. Неге деп сұраған жоқпын, бірақ өзі айтты.

— Аға, осы доспыз-доспыз деп күнде күшактасып жүрген жігіттер бар.

Мен қорлықты солардан көріп жүрмін. Сізді осы жолы көке дейінші. Көке, сізден мұны жасыра алмадым, — деді.

Мен оны түсіндім. Себебін де іштей білдім. Сол кездегі киноның екі бастығының бірі ретінде жағдайын түсінуге тырыстым. Бірақ соны қазірдің өзінде де мен сөйтіп едім дегенге қысылып отырмын. Себебі, адам біреуге қызмет көрсеткен болса, өмір бойы соны мен істеген едім, мен айтқан едім деп айтудың өзі күнә деп санаймын.

Әнуардың көз жасы маған соншалықты қатты әсер етті. Мен оны бұрынғыдан да жақсы көріп кеттім. Бұрын жанып тұрған от десем, енді сол отты өшіре алатын су да Әнуардың өзі екен. Бұл Алладан үлкен талантқа ғана берілетін қасиет.

Театрда ампула деген бір ұғым бар. Артистің жұртты күлдіре алатын тұсы болады. Ондайда ол залда отырған көрерменге “ал менің күлдіретін сәтім келді” деп бір қылықтар көрсетеді де, өзіне тиесілі “ду қол шапалағын” алып мәз болып кетеді. Кейбір артистер “мынау менің ампулам — көрерменді жылататын тұсым осы” деп барын салып, өзі де еңіреп, залдағы жұрттың да көңілін босатып, тағы да сол “ду қол шапалағын”, үлесін алып жатады. Әнуарда бұл жоқ еді. Ол қандай роль ойнаса да бүгінгі қойылымдағыға қарағанда ертеңгі қойылымда мүлде басқа образ жасап кетеді. Оның ойындарын бірнеше рет іздеп келіп көруге автор ретінде мен жалықпайтын едім. Кейде залдың артқы жағында, кейде балконда, кей күндері әдейі артистердің көзін көру үшін бірінші қатарға барып отырамын. Әнуар еш уақытта өзін-өзі қайталаған емес.

Ол кездерде киноға қаржы аз бөлінетін де, бір түсірілген сценарийді он жылдан кейін ғана қайта түсіруге болады дейтін заң бар еді. Егер олай болмай, бір жылдан кейін “Қыз Жібек” қайта түсірілсе, менің ойымша Әнуар мүлде бөлек Шеге жасар еді. Себебі, ол таптаурын жағдайлардан, жаттанды әрекеттерден қашып жүретін.

Өмірдің өзінде де ол бүгін былай, ертең басқаша болып көрінетін. Әнуар сонысымен қымбат деп ойлаймын.

Мен өзімнің туған інімдей жақсы көріп кеткем, сырласатынбыз. Кейін ауруханаға түскенде оны бұл дүниеден өтіп кетеді деп мүлде ойламаппын. Көңілін сұрауға бір барғанымда реңі жақсы екен. Әңгімелесіп қайтқанмын. Содан кейін бармап едім, о дүниелік болып кеткеніне көпке дейін сенген жоқпын. Өйткені, соншалықты арынды, күш-қуаты соншалықты мол адам ауруханада өзін-өзі мұңға бөлеп, жай ғана бір еркелікпен жатқан сияқты көрініп еді маған. Өмірден өтіп кетті дегенде сенгім келмеді, осы күнге дейін сенбеймін.

Біреулер өмірден өткенде ауырады, әлсірейді, көзінің нұры таяды. Менің жадымда, Әнуардың көзінің оты кеткен жоқ еді. Сондықтан ол арамызда жүр, қатарымызда жүр деп ойлаймын. Фильмдерден көріп отырғанда, “бақилық болып еді-ау” деген ой менде болмайды. Теледидарда кино аяқталғанда үйіне телефон шалып сөйлесуге болады деген бір сезім жүрегімде қалып қойған. Жазушы болған соң ба, білмеймін, әйтеуір жұрт мойындаған шындықты мойындай бермейтін бір әдетім бар. Сондықтан Әнуар қасымда жүрген сияқты көрінеді де тұрады.

Түнгі оқиға

Атақты артистер туралы кітаптар аз шығып жатқан жоқ. Бәрін болмаса да, көбін оқыдым. Атақты қайраткерлер туралы да кітаптар шығып жатыр. Оның да көпшілігін оқып шықтым. Бірақ, осы кітаптарға тән бір олқылық бар. Ол кісі туралы 20-30 адам жазады, бәрінің айтатыны “керемет еді, адамгершілігі мол еді, жұртқа жақсылық тілейтін еді” деп кете береді. Ал енді көп жағдайда соның ішінен іліп аларлық, өнеге-үлгі боларлық оқиға табылмайды.

Мен бір актер жөнінде әңгіме жазғым келіп, сол кісі туралы қалың кітапты оқып шықтым. Маған керек еді, ойымда актерге байланысты сюжет жүрген. Соны толықтыратын оқиға керек болды. Бірақ әлгі кітаптан бірде-бір сюжет таппадым.

Мұны айтып отырған себебім, көбіміз “ол жақсы еді, ол талантты еді” дегеннен аспаймыз.

Әнуар туралы эссені үш тақырыпқа бөліп жазып едім, бірақ бірдеңе жетпей тұрған сияқты. Әрі ойланып, бері ойланып, тағы бір тарауды қоссам дұрыс болады-ау деген ойға келдім. Бұл оның актерлік өнеріне, актерлік өмірбаянына қатысы жоқ. Және бұл оқиғаны Әнуар екеумізден басқа ешкім білмейді де.

Күндердің бір-күнінде Әнуар екеуміз мейрамханада ұзақ отырып қалдық. Сол күні түнгі сағат 3-те мен Мәскеуге ұшушы едім. Сағат 11-лерде екеуміз аэропортқа келдік. “Енді сен үйіңе қайта бер” деп едім, Әнуар “аға, мен сізді шығарып салайын” деп көнбеді.

Қазір сүйсініп, таң қалып еске алатын бір жағдай, Әнуар ішкілікке құмар емес еді. Қашқалақтап жүретін. Тіпті, жолдастары зорлағанның өзінде бір-екі ұрттағаннан арыға бармайтын. Екеуміз уақыт “өлтіру” үшін әңгімелесіп, аэропорттағы мейрамханада тағы отырдық.

Түнгі сағат 2 мөлшерінде төменге түсіп, енді тіркелуге бара жатқанда, алдымнан еңгезердей екі жігіт шыға келді. Бұл тың көтеріліп жатқан кез, олардың мерейі тасып тұрған еді. Жігіттер мені кес-кестеп тоқтатты. Дәл соның алдында Әнуар келемін деп бір шаруамен аэропорттың екінші басына кеткен.

Қолдарын айқастырып тоқтатқан екеуге: “Иә, не?” — деп едім: “Бір бөтелке шарап алып бер”, деді. Қалтамда ақшам бар, бере салсам да болатын еді. Қырсығып қалдым.

— Неге?! — дедім дауысымды көтеріп.

— Алып бер, басымыз сынып тұр.

— Сынса, мен хирург емеспін.

— Жоқ, сен дұрыс түсін. Егер сен біздің сөзімізді дұрыс түсінбесең, хирургке баруға сен өзің мәжбүр боласың.

Жігіттердің бойлары менен әлдеқайда биік. Екеуін қоссаң, үш Әкім шығады.

Мен үлкен қызметкермін. Қалтамда қызыл куәлігім бар. Соны суырып көрсетсем бе екен деп ойладым. Бірақ, намысым жібермеді.

— Хирургке менен бұрын сендер барасындар ғой, — дедім нығыздап.

Екеуі бір-біріне қарап, қарқылдап күлді.

— Сөзді қой, одан да тез құтылсаңшы!

Әлі де ойланып тұрмын. Қызметкер адаммын. Бұл екеуінің түгі кетпейді. Төбелесе төбелесермін-ақ. Жеңілмейтінімді де білемін, өйткені, жас күнімнен ол жағына шыныққанмын. Бірақ бұлар екеу. Айқай басталған соң милиция келеді. Олардың осында бөлмелері бар. Құжат тексереді. Түсінетін адам болса жақсы. Түсінбейтін біреу болса, келесі күні таңертеңгі сағат тоғызда мен туралы мәлімет түседі. Мұндай оқиғалар болатын ол кезде. Орталық комитетте істейтін бір жігіт өстіп мейрамханада қақтығысып қалып, таңертең қызметке келгенде, “Сіз енді мұндай жерде істемейсіз, боссыз” деп қайтарып жібергенін білемін.

Содан сәл ғана қулыққа басып күлдім. Екеуі бір-біріне қарады.

— Мынау күліп тұр ғой, — деді біреуі.

Екіншісі:

— Күліп тұрса бұл қазір жылайды, — деді.

Қолымда кішкене ғана былғары қобдиша бар еді. Екінші жігіт:

— Осының іші құдай біледі, толған ақша, — деді.

— Нең кетеді, бізге керегі бір сом. Мырза болсаң, үш сом.

Ары-бері жүрген жұрт үшеуімізге қарап өтіп жатыр. Бірақ араласа қойған ешкім жоқ. Әнуар келе қалса екен, тез жетсе екен деп ойладым. Бірақ ол келе қоймады. Бірен-саран қазақ, негізінен танитындар да болуы мүмкін, менің мына тұрысыма таң қалып өтті. Сонымен тәуекелге бел байладым.

— Менде ақша бар. Бірақ сендер менен дұрыстап сұрасаңдар, беремін, — дедім.

“Дұрыстап сұрасаңдар” деген сөз аналарға қатты әсер етті. Шынжырдай айқастырған білектерін босатып жіберді.

— “Дұрыстап сұра” дегенді қалай түсінеміз?

— “Дұрыстап сұрау” деген адам тілінде сұрау деген сөз. Өтінеміз, беріңізші, — деп айтындар.

— Ах, он еше хочеть к нему обратились на вы, — деді біреуі.

— Да, на вы. Себебі, сендерден сәл де болса жасым үлкен.

Мұндай адамдардың сырын бұрыннан білетінмін. Бұлар өзі тиісерде не темекі сұрап келеді, не шарап сұрап келеді. Маған қарағанда олардың жас екенін түсініп тұрмын. Бірақ түрлері кексе, көп ішетін адамдардың тез тозатыны белгілі ғой.

Екеуінің біреуі маған ежірейе қарады.

— Сен, пацан, нас не учи!...

— Дұрыстап сұрасаңдар үш сом емес, он сом беремін, — дедім тағы қулыққа басып.

Екеуі жібіп сала берді. Он сом деген сөз оларға қатты әсер етті.

— Алдайын деп тұрсың ба?

— Жоқ, дұрыстап сұрасаңдар — он сом.

Екеуі бір-біріне қарады.

— Жарайды, мен-ақ кішірейейін, — деді біреуі. — Дорогой гражданин, я тебя очень прошу. Купи нам бутылку вина.

Гражданин деген сөзді мен ұстай алдым.

— Не гражданин, а гражданин начальник, — деп түзеттім.

Сол сәтте Әнуар жетті. Келе:

— Аға, мына екеуі не деп тұр? — деді.

— Менің гражданин начальник екеніме сенбей тұр, — дедім күліп.

Әнуар бірден кірісіп кетті.

— Ах вы, подлецы, знаете перед кем стоите?!

Екеуі бір сәт состиып тұрып қалды. Сосын біреуіне ес кіргендей болып:

— А ты откуда взялся?— дей бергенде, қас пен көздің арасында, не болғанын өзім де ұқпай қалдым, ана екеуі еңкейе бүгіліп, еденді сүзе құлады. Соншалықты шапшаңдықпен Әнуар екеуін де сұлатып салды. Мен оның аяғының қозғалғанын байқаған да жоқпын. Ана екеуінің ішін ұстап еңкейгеніне қарап, осы күні ойлаймын, солай тепкен-ау деп. Аналар еңкейе беріп, бастары жерге тиіп қайта көтерілді.

— А нука, марш отсюда! Считаю до трех! — деген Әнуардың үні саңқ ете қалды. Жігіттер тәлтіректеп басып, аэропорттың үлкен залынан сыртқа қаша жөнелді. Әнуарым сондарынан қуып барады екен.

— Ей, Әнуар, тоқта! Не болды саған?

— Ешкім жоқ жерде бір тепкілейінші деп едім.

— Қайтесің енді, құрысын. Бері кел, тіркеуден өтейік, уақыт болып қалды.

Сөйтіп, Әнуарым мені Мәскеуге сондай бір қызық жағдайда шығарып салған.

Менің бір әдетім, біреулерден жақсылық көрсем, айтып жүремін. Бірақ Әнуардың өзіне “маған сондай жақсылық жасап едің, абыройымды сақтап қалған едің” деп тікелей айтқан емеспін.

Ол кезде номенклатура деген болады. Биік дәрежедегі қызметкерлер Орталық партия комитетінің қамқорлығында болатын. Ол тізімге бір іліккен адам, еш уақытта шығып қалмайтын. Бірақ тәртіп өте қатаң сақталатын. Мен актер інім сол төбелестен аман алып қалды деп айтып отырған жоқпын, абыройымды аман сақтап қалды деп айтып отырмын. Әнуардың осындай жеке басының қайсарлығы өнерде де болды. Жана айттым ғой, өмірдегі Шегеден, Ғабит Мүсірепов жасаған Шегенің образынан Әнуар асқақтап, көтеріліп кете беретін. Ол Ғабиттің Шегесі емес, операдағы үйреншікті Шеге емес, Құрманғалиев жасаған Шеге емес, бұл тек қана Әнуар Молдабековтің Шегесі еді дейтінім сондықтан. Осындай өр мінез оның өнердегі биігіне де жетектеді-ау деймін. Бірақ бір ғажабы, Әнуардың ұжымда өзінен үлкен немесе өзінен кіші артистерге сен деп сөйлеген кезін көрген емеспін. Ол сөзден қашатұғын. Сөйлейтін, көзге түсіп қалғысы келетін артистер болды, бар, әлі де болады. Солардың ортасында Әнуар бөлекше болмысымен, қоғамдық ортадағы сыпайылығымен көзге түсетін еді.

шілде, 2007 ж.

ӨЗІНДІ ӘРДАЙЫМ САҒЫНЫП ЖҮРЕМІЗ

Арманда кеткен азамат, дарынды артист, әріптесім Әнуар, сенің өнерге әлі де бергеніңнен берерің көп еді. Иә, сен тіпті өз қаныңнан, жаныңнан жаралған ұл-қыздарыңның да, немерелеріңнің де қызығын көре алмай, “ата” деген тәтті сөзін ести алмай, тым ерте кеттің.

Менің театрға келе жатқанымды көргеннен-ақ қарсы алдымнан шығып, қолымды сүйіп, інілік шын көңілмен амандасатын едің. Мен оған мәз болып, шынайы ілтипатқа ішім жылып қалатын. Адам тірі кезінде бір-бірінің қадір-қасиетіне жете бермейді-ау деймін. Әйтпесе, сол кездері өзіңмен армансыз ақтарыла сыр шертісуге болар еді ғой. Қайтейін, осы күні сол қолдан ұшырып алған мүмкіндігіме қатты өкінемін. Шіркін-ай десеңші, сол кезде өнер, өмір туралы өзіңмен ой бөліссем ғой деген өкініш әлі күнге жанымды жегідей жейтіні бар. Ал, сен болсаң, мені кейде аялдамаға дейін шығарып салатын едің. Әрине, сондай кездері сөзді мен бастай қоймаған соң сен де үнсіз қалатын едің. Текті азамат едің ғой, орынсыз мазалағың келмейтін. Рас, сахнадағы тығыз қарым-қатынасымыз, қатар рольде ойнаған кезіміз сирек болды. Себебі бұл менің саған партнер болатын жастан асқан кезім еді ғой.

“Қозы Көрпеш — Баян сұлу”, “Көктөбедегі кездесу”, “Қобыланды”, “Ваня ағай” сияқты туындыларды қоя тұрғанда, екеуміз “Абай” спектаклінде Әйгерімнің Керімді қарғаған тұсында ғана кездесетін едік. Менің келбетім тым сұсты көріне ме, “Хадиша апам мені қарғап тұрған жоқ па?” дегендей үрейленіп, сол көріністі шын мәнінде қорқа қабылдайтын едің. Сол сәттегі көңіл күйіңді сезіп, мен өзімнен-өзім қатты қысылатын едім.

Сенің ойнаған рольдеріңнің өсу үрдісін қадағалап, жылда қайта көретінмін. “Ваня ағай” сенің шығармашылығыңның шыңы деп бағалаймын, дайындық кезінде де сенің әр ізденісің “Ваня ағайдағы” өз роліңді шығарсам деген іс-әрекетің, ішкі қиналысың — бәрі-бәрі менің көз алдымнан өтті.

1982 жылы Мәскеуге барғанда “Ваня ағайды” орыс көрермендері де өте жақсы қабылдады. Спектакльден кейін қонақ үйге келе жатқанда бір-екі орыс әйелі тоқтатып, “Чеховты бізге енді таныттыңдар” деп құттықтағанын да өз көзім көрді. Бұл лебізге біз қатты қуандық. Бұл мақтаудың бәрі, әсіресе, саған арналған еді. Біз соған риза болдық.

Әнуар, бауырым, сол жолы сен зор өнер табысына жеттің. Әріптестеріңе зор үлгі қалдырдың. Оралхан Бөкеевтің “Кұлыным менің”, башқұрт драматургы Абдуллиннің “Ұмытпа мені, күнім”, Шекспирдің “Ричард III” пьесалары бойынша спектакльдерде қандай ойнаған едің. Спектакльден кейін жұрт сені сахнадан жібермей, алақандары қызарғанша қол соғып, ризашылығын білдіретін. Амал не, сен арамыздан тым ерте кетіп қалдың.

“Орнында бар оңалар” деген ғой, артыңда қалған өзіңнің ұрпақтарыңды, тәубе, жан жарың Ақ Баян бағып-қағып, тәрбиелеп өсірді.

Алғашқыда өнер мектебінің құдіретін, сырын менімен бөлісетін едің. Сондықтан болар, өмірде де, өнерде де сенің орның мен үшін мүлде бөлек. Әр жаңа спектакльмен сахнаға шыққан сайын Ыдырыс пен Нұрмаханның, өзіңнің есімдерің аталмай қоймайды. Өйткені, біз сендерді сағынамыз, жоқтаймыз...

*“Егемен Қазақстан”,
1997 ж.*

ӨНЕР ЖҮЛДЫЗЫ

(Әнуар ініме)

Саңқылдаған даусыңмен, жүрегіңмен,
Аңқылдаған бәрін де біле білген.
Алып едің алысты, жақыңды да,
Жұлдыз едің шыққан бір бұл өңірден.

Сарайына өнердің шауып кірдің,
Ажарыңмен ауруды сауықтырдың.
Асқақтаған әніңмен елді оятып,
Дос мақтаған сәніңмен сауық құрдың.

Жақыныңа жақсы едің, жатына да,
Өнеріңе қол соқты ақын аға.
Сыпайы едің, сынық ең бір көргенге,
Өжет едің, өр едің сахнада.

Өнеріңе қол соқты халық сенің,
Жеңеріңе көрсетті анық сенім.
Жарау аттың үстінде әнші Шеге,
Келе жаттың жарқырап жанып, серім.

Үміт еді самсаған кемелді алдың,
Шеберліктің шебіне неше бардың.
Көз тиді ме көркіңе күнге ұқсаған,
Жанып тұрып жарқырап, өше қалдың.

Сәлем берсең иіліп сәлем алдың,
Бір шақырған жеріңе және бардың.
Елең етті дүние еркем саған,
Кереметті біз-дағы көре қалдық.

қазан, 2007 ж.

АҚҚАН ЖҮЛДЫЗДАЙ ӘНУАР АЙ...

Әлі есімде, сонау 60-жылдардың орта кезінде Қарағандының қарлы боранында Бейбітшілік бульварында жаңа салынған облыстық С.Сейфуллин атындағы драма театры алдындағы жарнамаға қарап тұр едім, даңғыр-дұңғыр әңгімелесіп, шаттана қарқылдай күліп, қарсы алдымнан қияқ мүртты, ботакөз, ажарлы, кара торының әдемісі екі жігіт келе жатты. Бұлар сол кездегі театрға келген жас мамандар Әнуар Молдабеков пен Жақып Омаров еді. Мен болсам диплом қорғауға келген жас режиссер едім. Әй, заман-ай десеңші, қаншама уақыт өтсе де, сол алғашқы кездесу естен бір кетпейді.

Әнуар ұзақ жасамаса да сақалы беліне түсіп, қартайып, сахнаның шалы атанбаса да, ағалық жасқа лайық атаулы еңбек етті.

Сол 60-жылдардың ортасында Қарағанды театрының шығармашылық құрамына ешкімге ұқсамайтын және ешбір артисті қайталамайтын өзіндік бағыты бар, бағдары бар, қолтаңбасы өзгеден бөлек, жаңа артист келді. Ол Әнуар Молдабеков еді. Роль сомдауда, бейне жасауда Әнуардың бойындағы табиғаттан берілген, интеллектуалдық актерлік дарыны ерекше болды. Актерге тән барлық элементтерді Әнуардың бойына құдай берген. Мысалы, түр-тұлғасы, сұлу пішіні, қою қоңыр ашық дауысы, ойлау жүйесі, табиғи темпераменті, таза күлкісі, таң ғажайып сүйкімділігі — бәрі актер бойына біткен табиғи қасиеті еді.

Менің алғашқы қойған спектаклім Б.Жакиевтің “Әке тағдыры” пьесасындағы бір сәт қана жалт етіп, көрініп жоқ болатын, жауынгер Болатбек бейнесі, күллі сахнаны соғыс алапаты мен адам айтқысыз ерліктің символындай етіп, философиялық биіктікке көтергені әлі есімде.

Жас Әнуар Қарағанды театрында “Мөлдір махаббат” пьесасында Нұржан, Еркін бейнелерін, “Қара қыпшақ Қобыланды” қойылымында Қобыланды бейнесін, “Ромео-Джульетта” пьесасында Тибальт бейнесін жасап, актерлік шеберлігін айқындай түсті.

Осы жылдары Қазақтың академиялық М.Әуезов театрында режиссураның ең үздік өкілі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері Аврам Львович Мадиевский бас режиссер болып жұмыс істеуші еді.

Көктем шыға екі қойылым қойып, Қарағандыда диплом қорғаған мен жас артист Ә.Молдабековтің жаңа алған жалғыз бөлмелі пәтерінде қыстап шықтым. Қаншама армандар, қаншама қуаныштар, қаншама жоспарлар. Сол жалғыз үйдің екі адам сыймайтын ас бөлмесінде әйелі Баян Имашева (бүгінде Қазақстанның еңбек сіңірген артисі) үшеуіміз отырып, түнгі үшке дейін айғайлап тұрып ән салып, алдағы өнер, арман мұраттарды сөз етуші едік.

Кезекті демалыста Әнуар екеуіміз қол ұстасып Алматыға тарттық. Менің ұстазым, театрдың бас режиссері Аврам Львовичке Әнуар екеуіміз бірге кірдік. Міне, сол кірген есігі жас артист Ә.Молдабековтің шығармашылығындағы ең киелі де қасиеті күні болып, оның ұзақ та қызық шығармашылық жолының бастау бұлағына айналған күн еді.

М.Әуезов театрына келе сала мен қойған, З.Ақышевтың “Жаяу Мұса” пьесасында қазақ өнерінің пайғамбарлары С.Қожамқұлов, Қ.Бадыров, Е.Өмірзақовтармен тізе қосып, Байдалы балуан бейнесін жасағаны есімде. Іле-шала Т.Ахтановтың “Боран” пьесасында Ы.Ноғайбаевтың екінші құрамында Қоспан бейнесін сомдап, өзінің замандастары әрі әріптестері, қазақ театр өнерінің біртуар жұлдыздары, бүгінде театр ақсақалдары мен аналарына айналған, А.Әшімов, Ф.Шәріпова, С.Оразбаев, Н.Мышбаева сынды әріптестерімен иық тіресіп жұмыс істеп, сахна төрінде де, өмірде де дос болып өтті.

М.Әуезов театрында Әнуар сомдаған образдар галереясы бүтін қазақ театр өнерінің, актерлік шеберлігінің қол жете бермейтін жетістігіне айналды.

Театр мен киноны қос тұлпардай ерттеп мінген Әнуар бәйге екі атыменен алма-кезек өнер бәйгесіне шапты. Сол өнер бәйгесінде Әнуар марқұм бәйге басын бермейтін сәйгүлік тұлпардай еді.

Өкінішті өмір-ай, басы қызық басталған біздің шығармашылығымыз уақыт талабыменен өнер жолына сәйкес сахна төрінде жиі қабыса бермеді. Бірақ та рухани байланысымыз, отбасы, ошақ қасы, достығымыз үзілген емес. Қазіргі 40 жыл бұрын Әнуармен бірге кірген М.Әуезов театрындағы өнер есігіміз жабылған емес.

Міне, мен сол театрда қазір Әнуар досымсыз жұмыс істеп жатырмын. Міне оған да аты күректей 12 жыл өтіпті. Кешегі Әнуарды көзі көрген ақсақалдар, достар, бәріміз киелі қара шаңырақта шама-шарқымызша жас буын артист өкілдерімен жұмыс істеп жатырмыз. Арамызда Әнуар ғана жоқ. Кейде театр есігін айқара ашып, қарқылдай күліп, қасымызға келетіндей көрінеді.

Әнуарымыздың рухы ылғи да сахна төрінде күлімдей қарап тұратындай көрінеді.

қыркүйек, 2007 ж.

ӘНУАРДЫҢ ЖАРЫҚ ЖҮЛДЫЗЫ

Актёрлік достық дегеніңіз — сыры-қыры мол, терең, құпия әлем. Әсіресе, театрдағы ер мен әйелдің достығы. Мұнда ең басты нәрсе — мақсат бірлігі, өнерге деген құштарлық. Менің өнердегі жолым болуының себебі де сахнадағы әріптестерімнің жеке-жеке тұлғалар болғандығы. Ыдырыс, Асанәлі, Райымбек, Әнуар (Молдабеков), Әнуар (Боранбаев). Кейініректе Тұңғышбай, Құман, Тілектес, Әшірәлі.

Кейде өмірдегі арақатынас, қарым-қатынас сахнада ойнаған рольдерге әсерін тигізбей қоймайды. Сондықтан сахнадағы әріптесіңе деген құрмет біздің мамандығымызда ерекше орын алды. Мысалы: Асанәлімен (Әшімов) “Еңлік-Кебекте” Еңлік — Кебек, “Абайда” Айдар — Ажар, “Қан мен терде” Еламан — Ақбала; Райымбекпен (Сейтметов) “Шығыстағы бір бейбақта” Кәй мен Әйдзи, “Қарақыпшақ Қобыландыда” Қарлыға — Бірсімбай; Сәбитпен (Оразбаев) “Қан мен терде” Сүйеу — Ақбала, “Беймаза әйелде” Айша Садықовна — Қабен; Тұңғышбаймен (Жаманқұлов) “Қаракөзде” Қаракөз — Сырым, “Әпкеде” Қамажай — Қабен, “Ваня ағайда” Елена — Астров, “Әдип патшада” Әдип — Иокаста болып қатар шығып, роль ойнадық.

Қым-қиғаш тағдырлар тоғысқан бұл рольдерде бір-бірімізбен түсіністік, сырластық-пікірлестік, қас-қабактан сезіну, өрмекшінің ұясындай өріліп тоқылған тор секілді өте нәзік те көзге көрінбейтін бір терең сыр жатқандай...

Сахнадағы серіктес-достардың арасында Әнуар Молдабеков — мен үшін өте қымбат та қимас аяулы құрбы. Мүмкін оның кішіпейілділігі ме, әлде жан тазалығы ма, әйтеуір арамызда қатты сыйластық болды. Сахнада мен оның арманы, қолы жетпеген асыл адамдарын ойнадым. Сондықтан ол маған алыстан қарайтын, сыйлап қарайтын.

Ең алғаш башқұрт драматургы Азат Абдуллиннің “Ұмытпа мені, күнім” пьесасында кездестік. Райымбек Сейтметовтің тұңғыш режиссерлік жұмысы. Бұл спектакль үлкен табыспен ұзақ уақыт сахнадан түспеді. Әнуар — Сергей Чекмарев — Ақын, мен — Тоня, Сергейдің жақсы көретін әйелі. Тоня Сергейді аяйды, бірақ сүймейді. Тоняның арманы басқа, бірақ алданғанда, жаны қысылып қиналғанда Сергейді табады. Сергей оны еш қалтқысыз қабылдайды. Тонямен ажырасқан, қауышып табысқан, жан сыздатқан әрбір сәтте Сергейден ғажайып өлең, жыр туатын. Осындай бір алаулаған жастық жалын, алды-арты жоқ құйындай буырқанған ақындық шабытты рольді Әнуар ғажап ойнады. Ол кешкі спектакльге ертеңнен бастап әзірленетін, өзін соған баулитын. Сергейді ойнайтын күні таңертеннен бастап бүкіл болмысында бір лирикалық сезім-күй пайда болатын. Кешкі спектакльге мен келерден бұрын, менің грим бөлмеме, айна алдына бір тал болса да гүл әкеп қоятын. Ол Тоняға деген сезімін білдіргені еді. Спектакль басталарда “Тоня!” деп айғайлап шығып, ғашықтық өлеңін оқитын да, сахна сыртында тұрған менің қолымнан ұстап, жылы сезімін білдіріп кететін. Мен кейде соған ренжитінмін. Бірақ ол оны рольге кірердегі, кейіпкер болмысына еруге бастайтын алғашқы баспалдағы іспеттес сезім-күй болатын. Ол өнерге жан-тәнімен берілген, хас актер еді.

Баршамызды табындырған тағы бір ғажап ролі — “Сүйікті менің ағатайым” спектакліндегі Ваня ағай. Бұл роль Әнуардың Аққу әні, соңғы шыңы. Москваның талғампаз көрерменін мойындатқан, қазақтың “Ваня ағайы” атандырған ролі. Әнуар өзіне өте сын көзбен қарайтын, өзінде жоқты білетін, соны тынбай іздейтін актер. Бұл жолы — оның әлеуметтік ортасын, төңірегін ғажайып тұлғалар ойнады. Мысалы, Сәбира апа (Майқанова), Хадиша апа (Бөкеева), Шахан аға (Мусин), Ыдырыс Ноғайбаев, Сәбит Оразбаев, Тұңғышбай Жаманқұлов, Рахила Машурова... Сондықтан ол осы жоғары деңгейді сезінді, соны түсірмеуге бар жанын салды. Спектакльдегі ансамбльдік, бірін-бірі толықтырып, бірін-бірі жалғастырып кететін пікірлестік дегеннің өзі де ғажайып құпия әлем ғой. Өйткені айналасы қоштап-қорғамаса жалғыз адам еш нәрсе бітіре алмайды.

Әсіресе, осы спектакль, Чеховтың “Ваня ағайы” — “Сүйікті менің ағатайым” қойылған кез — режиссер Әзекен, Әзірбайжан Мәмбетовтің, Әнуардың және баршамыздың шығармашылық биіктікте көрініп жүрген кезіміз ғой. Дайындық басталардан анағұрлым ерте келетін Әзекен радист жігіттерге орыс композиторларының романстарын ойнатып қоятын. Біз сол залға кіргеннен бастап, орыс зиялыларының әлеміне енетінбіз. Бір-бірімізбен сөйлесу, амандасу мәнеріміз де өзгеше. Әсіресе Әнуар — барлық әйелдердің қолын сүйіп, иіліп амандасатын. Біздер орыс драматургиясының хас шебері Чеховтың кейіпкерлері арқылы өз жан дүниемізден сыр шерттік. Әсіресе Әнуардың: “Рәсуа болған есіл өмірім-ай! Талантты едім, батыл едім, ақылды едім. Дұрыс өмір сүргенде менен не Шопенгауэр, не Достоевский шығуы да мүмкін еді. Енді бәрі бітті! Ақылымнан алжаса бастадым. Маған бірдеңе берші! О, тәңірім-ай! Қазір қырық жетідемін. Егер алпысқа дейін тірі жүрер болсам, оған әлі он үш жыл бар, тым ұзақ! Сол он үш жылға қайтіп шыдаймын? Не істеймін, сонша ұзақ уақыт бойына нені ермек етем? Сол қалған ғұмырда басқаша өмір сүру мүмкін бе? Бір күні жарқыраған тыныш таңда жайбарақат түрегеліп, өзіннің өзгеше өмір бастағанынды, баяғының бәрі көрген түстей, сағымдай өте шыққанын бір-ақ білсең ғой. Жаңа өмір бастасам... Оны қайтіп бастаймын, неден бастаймын, айтсайшы...” деген монологы кімді болса да толқытпай қоймайтын еді. Ең соңғы рет ойнағанда — екеуіміздің қоштасар кезімізде (Ваня ағай — Елена Андреевна сахнасы) “Біз енді ешқашан кездеспейміз” деп жылап қалған сәті күні бүгінге дейін көз алдымда. Бұл — өзіме айтылған “үкім” тәрізді. Содан соң сахнаға шықпады. Қырық жеті жасында дүниеден өтті, Бұл не. Тағдыр ма?..

Әнуар өнері — жанкешті өнер болатын. Онда өлшем-есеп жоқ еді. Мүмкін адам өзінің аз ғұмыр кешетінін біліп бойындағы бар күшін, өнерін сарқа беріп кеткісі келе ме, әлде...

Достар кеткенде онымен бірге жақсы рольдер, жүрегіңнің бір бөлігі бірге кетеді. Ыдырысқа өте құрметпен қарайтын. “Аға” деп сыйлайтын. Айтса айтқандай, екеуінің де туған жері Талғардың төңірегі, Іле ауданы. Театрда екеуі бір рольде бір-ақ рет кездесті. Онда да атақты Қобыланды ролі еді. Кесе-көлденең келмей, “аға сіз — Қобыландысыз, мен — Қобыланчик, сіз шаршағанда ойнаймын” деп кішірейіп тұратын.

Театр деген үлкен бір әулет — онда үлкен-кішісі, атасы-баласы бар

дегендей. Онда достық-қастық, күншілдік-күндестік, бәсеке мен бақталастық, жақсылық пен жамандық қатар жүріп жатады. Осы бір құмырсқаның илеуіндей құжынаған өмір иірімінде рухани биіктікті мақсат еткен жандар баршылық. Өнер-өнер деп өзеуреген, бар жанын құрбан еткен, есесіне көп нәрсе тие қоймаған, театрдың қара өгізіндей бар ауыртпалығын сүйреп өткен хас шебер еді Әнуар.

Өнер жолы — сырт көзге жеңіл де әдемі көрінгенімен, өте күрделі, шыңы-құзы аралас шытырман жол ғой. Осы жолда жаңылмау үшін, сүрінбеу үшін, жеңілмеу үшін қажыр-қайрат керек екен. Ол — рухани биіктік. Ол — философиялық көзқарас. Бірақ жастық-қызулық шақта оны кім берген. Мінезі кейде ұрдажық, қатқыл көрінетін Әнуардың жаны нәзік еді. Өнер ортасында достықтан гөрі бәсекелестік, кейде тіпті бақталастық басым боларын жасырып қайтеміз? Әнуарға қорғаныш, сүйеніш бола білген, қиын кезде қасынан табылған шын дос болды ма, жоқ па — айту қиын. Оның үлкен бақыты — өзіне жар таңдай білді. Баяндай (Имашева) әрі әдемі, әрі төзімді жан кездеспегенде алақұйын мінезді Әнуар хас өнер иесі деңгейіне шығар ма еді деген ой келеді. Бүкіл жастығын, тіпті өнерін де Әнуар өнері жолына сарп еткен Баяннан қазақ әйелінің қарапайым даналығын көремін.

Таланттың да таланты бар. Әнуар аз ғұмыр кешсе де өмір — өнер миссиясын орындап, адамдар жүрегіне із қалдырып, көңілдеріне шырақ жағып кетті. Сахнада от болып жанып, өртеніп кетті. Найзағай жарқ етті де, рухани биікте жарық болып қалды. Ол жарық сандаған ұрпақ ауысса да өшпесі хақ.

*“Қазақ әдебиеті”,
15-мамыр, 1998 ж.*